**Іляс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы**
**Ата-аналармен өткізілген «Бірыңғай Ашық Есік» күні**

**Хаттама №2**

Мақсаты: «Біртұтас тәрбие» жұмысында оқушылардың шығармашылығы мен ата-аналар ынтымақтастығын нығайту.

Күні: 27.09.2024ж.
Уақыты: 17.30-19.30
Қатысушылар: 1-11 сынып ата-аналары, Сарыарқа ауданы әкімдігінің бөлім басшысы, Сарыарқа ауданы ПБ учаскелік полициясы, қамқоршылық кеңесі

**Күн тәртібі:**

I. Оқушылар шығармашылығының көрмесі – пән мұғалімдері
II. Жалпы ата-аналар жиналысы:

1. Ата-аналар жиналысының ашылуы - Кабылова Н. К. директор
2. Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасын таныстыру- Оналбаева Г. Б. ДТЖО
3. «Қоғам және отбасы: қауіпсіздіктің басты орны»- Нұржанова Айнур Сауановна – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі, Сарыарқа әкімдігінің бас маманы
4. «Бала өмірінің қауіпсізідігі-маңызды міндет»- Ахметов Бахытжан Нұрбайұлы Астана қаласы Сарыарка аудандық полиция басқармасының полиция инспекторы
5. Әлеуметтік желі мен мобильді ойындардың бала психологиясына әсері- Толеубаева Жанагул Багдатовна психолог маманы
6. Қауіпсіздік және құқықтық тәрбие- Сулекеев К. К. ДТЖО

**Тыңдалды:**

- "БІРІҢҒАЙ АШЫҚ ЕСІК" күнінің I-бөлімі Оқушылардың шығармашылық көрмесімен таныстырылды. "БІРТҰТАС ТӘРБИЕ" негізінде ұйымдастырылған оқушылардың түрлі шығармашылық көрмелерімен келген ата- аналар тамашалады.

I. Күй күмбірімен өнер көрсеткен домбырашылар ансамблі қазақтың ұлттық аспабында орындап, сахнада жас бишілердің өнері көрсетілді. Балалардың ұлттық қолөнер жұмыстары, ағаштан жасалған бұйымдары, ұлттық асық ату, бес тас, тоғызқұмалақ және шахмат ойындарына қызығушылықтарын танытты. Ғылыми жобаларын таныстырған дарынды балалар өздерінің зерттеу жұмыстарымен бөліссе, робототехника жобасында құрастырылған техникаларымен көрсетті. Психолог мамандарының ата- аналарымен өткізілген психологиялық тренингтері өте әсерлі өтті.

II-бөлімі: "ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП, ҚАУІПСІЗ ОТБАСЫ" тақырыбында ата-аналар үшін жалпы жиналыс өткізілді. Шығып сөйлеушілер:

1. 2024-2025 оқу жылындағы оқу- тәрбие процесі және оқушылардың қауіпсіздігі жағынан отбасы тәрбиесінің рөлі туралы гимназия директоры Н. К. Кабылова түсіндіріп өтті.
2. "Біртұтас тәрбие" аясында ата- аналармен бірлескен жобалар жайында, "Ата- аналарды педагогикалық қолдау" барысының жыл бойы жүргізілетіні жайында директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Б. Оналбаева атап өтті.
3. "Қоғам және отбасы: қауіпсіздіктің басты орны" тақырыбында - ата- ана, Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімдігінің бөлім басшысы А. С. Нұржанова ата- аналарға қоғамдағы орын алып жатқан бала өмірінің қауіпті жайттары жайында түсіндіріп, басты тәрбие- отбасынан берілетінін басым жеткізді.
4. "Бала өмірінің қауіпсіздігі- маңызды міндет" екенін Астана қаласы Сарыарқа ауданы ПБ учаскелік полициясы Б. Н. Ахметов қауіпсіздіктің және құқық бұзушылықтың алдын алуы мен оның орын алған жағдайда қандай жауапкершілікке тартылу баптарын таныстырды.
5. "Әлеуметтік желі мен мобильдік ойындардың бала психологиясына әсері" туралы мектеп психологы Ж. Б. Толеубаева балалардың ұялы телефондағы түрлі ойындарға қызығушылығынан баланың қалыпты дамуына зиянды тұстарын жеткізді.
6. "Қауіпсіздік және мектептің ішкі тәртіп ережесі" туралы директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары К. К. Сулекеев оқушылардың мектептегі тәртіпті сақтауы мен күнделікті мектеп формасының қадағалауын ата- аналар назарында болуы туралы түсіндіріп өтті. Жиналыс соңында ата- аналар тарапынан қойылған сұрақтарына жауаптар беріілді. Сұрақтар:
1. Оқушыларға мектепте қандай үйірмелер бар?
Мектеп әкімшілігінен жауап: спорттық ойындар, қосымша білім берудегі факультатив сабақтар-домбыра, би, вокал. Гимназия ЖШҚ МКК болғандықтан қаржыландыру жағынан ақылы үйірмелер жүргізуге құқылы. Осыған орай шахмат, би үйірмелері жүргізіледі.
2. Оқушылар екінші аяқ киімдерін қайда қоя алады?
Жауап: бастауыш және 8-11 сыныптарда жеке шкафтары бар сол шкафқа қалдыра алады.

Шешім:

1. Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасын ата-аналрмен бірлесе жүргізу сынып жетекшілеріның жоспарына сәйкес жүргізілсін.
2. Қоғамда және отбасында қауіпсіздікті сақтауды ата-аналардың жауапкершілігі және мектепте сынып жетекшілеріне тапсырылсын.
3. Әлеуметтік желі мен мобильді ойындардың бала психологиясына кері әсерінің алдын алуда ата-ана мен мектеп психологы бірлесе кеңестер жүргізу.
4. Мектептің ішкі тәртіп ережесін және қауіпсіздік шараларын сақтау туралы сынып жетекшілері сынып сағаттарында «Жеке қауіпсіздік» сағатын жүйелі жүргізу.


















Хатшы: Оразалина Ж.